

**Құрылысқа арналған жобалау құжаттамаларына мемлекеттік сараптама жүргізу тәртібі туралы  
Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі  
төрағасының  
2011 жылғы 25 мамырдағы № 186 бұйрығы**

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы № 918 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 227 [қаулысына](#) сәйкес, «Мемсараптау» РМҚ аумақтық бөлімшелерінің қызметін тәртіпке келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Объектілер мен кешендерді салуға (қайта жанартуға, қалпына келтіруге, кеңейтуге, техникалық қайта жаратқандыруға және күрделі жөндеуге) арналған жобалау алдындағы (техника-экономикалық негіздемелер) және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына (бұдан әрі - жобалау құжаттамасы) мемлекеттік сараптама жүргізудің мынадай тәртібі белгіленсін:

1) «Мемсараптау» РМҚ-ы объектілер мен кешендер құрылысының сметалық (есептік) құнына және орналасқан жеріне қарамастан (Алматы қаласындағы объектілер мен кешендерден басқа) жобалау құжаттамасының сметалық құны ағымдағы бағамен 1300000 (бір миллион үш жүз мың) айлық есептік көрсеткіштен бастап және одан жоғары болса, мемлекеттік сараптама жүргізеді;

2) «Мемсараптау» РМҚ-ының Оңтүстік филиалы Алматы қаласында салынып жатқан объектілер мен кешендердің салуға жобалау құжаттамасына ағымдағы бағадағы сметалық (есептік) құнына қарамастан мемлекеттік сараптама жүргізеді;

3) «Мемсараптау» РМҚ-ының аумақтық бөлімшелері мен Астана филиалы жобалау құжаттамасының сметалық (есептік) құны ағымдағы бағамен 1300000 (бір миллион үш жүз мың) айлық есептік көрсеткіштен жоғары емес болса, мемлекеттік сараптама жүргізеді;

4) ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің келісімі бойынша «Мемсараптау» РМҚ-ының аумақтық бөлімшелері (филиалдары) объектілер мен кешендер құрылысының сметалық (есептік) құнына және орналасқан жеріне қарамастан мемлекеттік сараптама жүргізе алады;

5) «Мемсараптау» РМҚ-ының және оның аумақтық бөлімшелерінің (филиалдарының) бірінші басшылары немесе олардың міндетін атқарушылар ғана жобалау құжаттамасына мемлекеттік сараптаманың қорытындысын бекітуді жүзеге асырады.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Ж. Әкімжановқа жүктелсін.

3. «Құрылысқа арналған жобаларды мемлекеттік сараптау жүйесіндегі сараптамалық қызметті жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2007 жылғы 26 қаңтардағы № 23 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

**Төраға**

**С. Нокин**